

**МАЗМҰНЫ**

**СОДЕРЖАНИЕ**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы.....	2	Пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан.....	4
«Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 10 нормативтік қаулысы.....	6	Нормативное постановление Верховного Суда от 8 декабря 2017 года № 10 «О некоторых вопросах применения судами норм уголовно - процессуального законодательства по поступившему уголовному делу».....	14
«Террористік және экстремистік қылмыстар туралы заңнаманы қолдану бойынша сот практикасының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысы.....	23	Нормативное постановление Верховного Суда от 8 декабря 2017 года № 11 «О некоторых вопросах судебной практики по применению законодательства о террористических и экстремистских преступлениях»...	37
«Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау кезінде соттардың Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 12 нормативтік қаулысы.....	51	Нормативное постановление Верховного Суда от 8 декабря 2017 года № 12 «О применении судами норм Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан при пересмотре судебных актов по вновь открывшимся или новым обстоятельствам».....	59
Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасын қорыту.....	67	Обобщение судебной практики по делам об установлении фактов, имеющих юридическое значение...	67

## Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

2017 жылғы 8 желтоқсанда Жоғарғы Сот Төрағасы Қайрат Мәмидің төрағалығымен кезекті жалпы отырыс өтті.

Іс-шараға Жоғарғы Соттың алқа төрағалары мен судьялары, Ғылыми-консультативтік кеңестің мүшелері, Конституциялық Кеңес, Бас прокуратура, әділет, ішкі істер, дін және азаматтық қоғам министрліктерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілдері қатысты.

Күн тәртібіне сәйкес үш нормативтік қаулының жобасы және Сот жюриінің регламентіне енгізілетін түзетулер мен толықтырулар талқыланып, оның тәртіптік комиссиясының құрамына екі мүше сайланды.

Жоғарғы Сот судьясы Дәулен Нұралин «Террористік және экстремистік қылмыстар туралы заңнаманы қолдану бойынша сот практикасының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулының жобасын жалпы отырыстың назарына ұсынды.

Аталған жобаның 7, 8, 9-тармақтарында терроризм актісінің жасалу тәсілдерін, оны жасау қатері әрекеттерін дұрыс саралау, оларға құқықтық тұрғыдан тиісті баға беру, ал 5, 6-тармақтарында терроризм үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту субъектілерінің жас мөлшерін анықтау және терроризм актісінің субъективті тарабы тек қана тікелей пиғылмен және арнайы мақсатпен сипатталатыны жөнінде айтылған.

Жобаның 18, 19, 20-тармақтарында ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін пайдалану арқылы террористік және экстремистік материалдарды, терроризм актісін жасауға жария түрде шақыруларды заңсыз насихаттады деген айып тағылған жағдайда, «Бұқаралық ақпарат туралы», «Ақпараттандыру туралы» заңдардың нормаларын ескеру қажеттігі көрсетілген.

Сонымен қатар 23, 24, 25-тармақтарда терроризм мен экстремизімді қаржыландыру мәселесін тану, аталған әрекеттерді жасауға азғырып көндіру, оның тәсілдері, коммуникацияларға шабуыл жасауды заңға сәйкес айқындау мәселелері туралы айтылса, 26, 27-тармақтарда кінәлілердің мүліктерін тәркілеу реті және сотталғандарға өте ауыр түрде лаңкестік әрекеттерімен азаматтарға, мемлекетке жойқын залал келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру туралы қосымша жаза тағайындалатындығына түсіндірмелер берілгендігіне тоқталды.

Жоғарғы Соттың судьясы Ержан Дәулиев «Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулының жобасымен таныстырды. Яғни басты сот талқылауын тағайындауға дайындау кезінде қылмыстық процестің міндеттері сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қылмыстық-процестік заң нормаларының сақталуын тексеру және қылмыстық істі сот процесінің жарыспалылық қағидатының негізінде

жан-жақты, толық әрі объективті қарау үшін дайындауға және оны қамтамасыз етуге бағытталған мәселелерді шешу маңызды болып табылатындығын атап өтті.

Қылмыстық теріс қылықтар туралы келіп түскен істер соттың іс жүргізуіне қабылданады және оларды қарау Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің 529-бабының алтыншы бөлігінде аталған шешімдердің біреуін шығару, яғни, адамды кінәлі деп тану немесе ақтау; істі егер заңды негіздер болса тоқтату немесе қылмыс белгілері анықталған кезде істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу туралы мәселені шешу үшін тиісті прокурорға жолданатындығы туралы баяндады.

Өз кезегінде сөз алған Жоғарғы Сот судьясы Баян Тоқтарова «Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау кезінде соттардың Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) нормаларын қолдануы туралы» нормативтік қаулының жобасына қатысты ойын ортаға салды. Жобада заңды күшіне енген сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қараудың мазмұны толық ашылған. Сондай-ақ сот актілерін қайта қарау туралы арызды іске қатысқан тараптар және басқа тұлғалар ғана беруі мүмкін екендігі туралы түсіндірме берілген.

Нормативтік қаулының жобасында АПК-ға енгізілген соңғы өзгерістер ескерілген. Атап айтқанда, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы арызды беруге процесс тарабы ретінде қатысқан немесе қорытынды берген прокурордың өкілеттілігі кеңейтілген.

Бұдан әрі АПК-нің нормаларын ұқсастығы бойынша қолдану мүмкіндігі түсіндірілді. Егер қайта қарау туралы арыз АПК-нің 55-тарауының қағидалары бойынша қарау нысанасы болған мән-жайлармен негізделсе, АПК-нің 151-бабына ұқсастығы бойынша қабылдаудан бас тартылатындығын сөз етті.

Жалпы отырысқа қатысушылар нормативтік қаулылардың жобаларына бірқатар ұсыныстар мен ескертулер енгізу туралы өз пікірлерін білдірді.

Сонымен қатар, жалпы отырыс мүшелері Сот жюриінің регламентіне түзетулер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарады.

**Редакциялық алқа**

## **Пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан**

8 декабря 2017 года в Верховном Суде под председательством Кайрата Мами состоялось очередное пленарное заседание.

В мероприятии приняли участие председатели судебных коллегий и судьи Верховного Суда, члены Научно-консультативного совета, представители Конституционного Совета, Генеральной прокуратуры, министерств юстиции, внутренних дел, по делам религий и гражданского общества, Комитета национальной безопасности.

Согласно повестке состоялось обсуждение проектов трех нормативных постановлений, поправок и дополнений, вносимых в Регламент Судебного жюри, а также избраны два члена в состав его дисциплинарной комиссии.

Судья Верховного Суда Даулен Нуралин представил вниманию пленарного заседания проект нормативного постановления «О некоторых вопросах судебной практики по применению законодательства о террористических и экстремистских преступлениях».

В пунктах 7, 8, 9 указанного проекта говорится о способах совершения террористического акта, правильной квалификации угрозы действий при его совершении, дача соответствующей оценки им с правовой точки зрения, а в пунктах 5, 6 – о разграничении возраста субъектов, привлекаемых к уголовной ответственности за терроризм, и о том, что субъективная сторона акта терроризма характеризуется только непосредственным намерением и специальной целью.

В пунктах 18, 19, 20 проекта указана необходимость учета норм законов «О СМИ» и «Об информатизации», если предъявлено обвинение в том, что путем использования объектов информационно-коммуникационной инфраструктуры осуществлялись незаконная пропаганда террористических и экстремистских материалов и публичные призывы к совершению террористического акта.

Вместе с тем если в пунктах 23, 24, 25 говорится о признании вопроса финансирования терроризма и экстремизма, о вербовке для совершения указанных действий, об их способах, о вопросах выявления в соответствии с законом совершения нападения на коммуникации, то в пунктах 26, 27 докладчик остановился на порядке конфискации имущества виновных и разъяснении положения о назначении дополнительного наказания в виде лишения гражданства Республики Казахстан в случае, если осужденные своими террористическими действиями причинили гражданам, государству сокрушительный ущерб в очень тяжелом виде.

Судья Верховного Суда Ержан Даулиев представил проект нормативного постановления «О некоторых вопросах применения судами норм уголовно-процессуального законодательства по поступившему уголовному делу».

Он подчеркнул, что в ходе досудебного производства задачи уголовного процесса во время подготовки к назначению главного судебного разбирательства являются важными для проверки соблюдения норм уголовно-процессуального закона и разрешения вопросов, направленных на его подготовку и обеспечение для всестороннего, полного и объективного рассмотрения уголовного дела на основе состязательности судебного процесса.

Докладчик доложил о том, что поступившие дела об уголовных проступках принимаются в производство суда и по результатам их рассмотрения выносятся одно из решений, перечисленных в части шестой статьи 529 Уголовно-процессуального кодекса, то есть выносятся обвинительный или оправдательный приговор; дело прекращается при наличии законных оснований или при установлении признаков преступления оно направляется соответствующему прокурору для решения вопроса о проведении досудебного расследования.

В свою очередь судья Верховного Суда Баян Токтарова поделилась мыслями по поводу проекта нормативного постановления «О применении судами норм Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – ГПК) при пересмотре судебных актов по вновь открывшимся или новым обстоятельствам». В проекте полностью раскрывается содержание пересмотра вступивших в законную силу судебных актов по вновь открывшимся или новым обстоятельствам. Также дано разъяснение о том, что заявление о пересмотре судебных актов может быть подано только сторонами, участвовавшими в деле, и другими лицами.

В проекте нормативного постановления учтены последние изменения, внесенные в ГПК. А именно, расширены полномочия прокурора на подачу заявления о пересмотре вступивших в законную силу судебных актов по вновь открывшимся или новым обстоятельствам по делам, в которых он участвовал как сторона процесса или давал заключение.

Разъяснена возможность применения в дальнейшем норм ГПК по аналогии. Докладчик обратила внимание на то, что, если заявление о пересмотре обосновано обстоятельствами, которые уже были предметом рассмотрения по правилам главы 55 ГПК, то в его принятии по аналогии со статьей 151 ГПК следует отказать.

Участники пленарного заседания высказали свои мнения по внесению ряда предложений и замечаний в проекты нормативных постановлений.

Вместе с тем члены пленарного заседания рассмотрели вопрос внесения поправок и дополнений в Регламент Судебного жюри.

**Редакционная коллегия**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ  
№ 10 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ**

2017 жылғы 8 желтоқсан

Астана қаласы

**Қылмыстық істі сот отырысына дайындау  
барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын  
қолданудың кейбір мәселелері туралы**

Басты сот талқылауын тағайындауды және сот отырысына дайындық әрекеттерді (бұдан әрі – басты сот талқылауын тағайындауға дайындау) реттейтін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 41-тарауының нормаларын дұрыс қолдануды және біркелкі сот практикасын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруге қаулы етеді.

1. Басты сот талқылауын тағайындауға дайындау кезінде қылмыстық процестің міндеттері сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қылмыстық-процестік заң нормаларының сақталуын тексеру және қылмыстық істі сот процесінің жарыспалылық қағидатының негізінде жан-жақты, толық әрі объективті қарауға дайындау мен қамтамасыз етуге бағытталған мәселелерді шешу болып табылады.

2. Соттардың процестік мерзімдерді есептеу кезінде қылмыстық істің келіп түскен күнін оның сот ісін жүргізуге қабылданған күнінен ажырата білгендері жөн.

Кеңсе қызметкері есептік-тіркеу жұмысын орындап, іс автоматты түрде бөлінгеннен кейін, қылмыстық іс соттың іс жүргізуіне түсті деп есептеледі.

Судья іс бойынша ҚПК-нің 319-бабы екінші бөлігінің 1) тармағына сәйкес қаулы немесе ҚПК-нің 321-бабы бесінші бөлігінің, 322-бабының талаптарына сәйкес алдын ала тыңдау нәтижелері бойынша қаулы шығарған сәттен бастап ол соттың іс жүргізуіне қабылданды деп есептеледі.

3. Соттар сот талқылауын дайындау бойынша заңда көзделген міндетті процестік әрекеттерді орындап, процестік шешімдер қабылдағаннан кейін ғана қылмыстық істі басты сот талқылауында қарауға кірісуге құқылы.

Бұл ретте судья мына жағдайларды ескеруі тиіс:

жекеше айыптау бойынша қылмыстық істі сотта қарауға дайындау жөніндегі судьяның өкілеттіктері ҚПК-нің 409-бабында және «Жеке айыптау істері бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысының түсіндірмелерінде реттелген және мұндай істер бойынша алдын ала тыңдау өткізілмейді;

судья алқабилер қатысатын істер бойынша сот талқылауын тағайындауды дайындау жөніндегі әрекеттерді және алдын ала тыңдау

тәртібін ҚПК-нің 635, 636 және 637-баптарында белгіленген ерекшеліктерді және «Алқабилерді қатыстырып қылмыстық істерді қарауды реттейтін заңнаманы соттардың қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 23 тамыздағы № 4 нормативтік қаулысының ережелерін ескере отырып жүзеге асырады және мұндай істер бойынша алдын ала тыңдауды өткізу міндетті болып табылады;

сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында кінәні мойындау туралы процестік келісіммен түскен іс бойынша судья ҚПК-нің 623-бабына және «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 4 нормативтік қаулысының түсіндірмелеріне сәйкес әрекеттерді жүзеге асырады. Судья ҚПК-нің 623-бабы бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша шешім қабылдау үшін ҚПК-нің 321-бабында көзделген тәртіппен іс бойынша алдын ала тыңдауды өткізеді.

Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша ҚПК-нің 41-тарауында көзделген басты сот талқылауын тағайындау және алдын ала тыңдауды өткізу қағидалары қолданылмайды. Судья келіп түскен қылмыстық теріс қылық туралы істі дереу іс жүргізуге қабылдайды. Ол ҚПК-нің 529-бабына сәйкес сотқа келіп түскен сәттен бастап он бес тәуліктің ішінде немесе түскен күні мәні бойынша қаралып, ҚПК-нің 529-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайларда осы баптың алтыншы бөлігінің 1), 2) және 3) тармақтарында көрсетілген шешімдердің бірі қабылдануы тиіс.

4. Судья келіп түскен істі басты сот талқылауында қарауға дайындау барысында ҚПК-нің 41-тарауының нормаларына сәйкес келіп түскен сәттен бастап бес тәулік мерзімнен кешіктірмей іс материалдарын зерделеп, басты сот талқылауында оны қарауға кедергі келтіретін не қарауды болғызбайтын сотқа дейінгі іс жүргізу органдарының қылмыстық-процестік заң талаптарын бұзуға жол берген-бермегенін, тараптардың шешуге жататын өтінішхаттары мен шағымдарының, алдын ала тыңдау өткізу үшін басқа да негіздердің бар-жоғын анықтауға міндетті. Сонымен қатар, судья қылмыстық істі кедергісіз, дұрыс шешу мақсатында осы мәселелер бойынша заңда көзделген процестік шешімдерді қабылдау және процестік әрекеттерді орындау қажеттілігінің бар-жоғын анықтайды.

5. ҚПК-нің 321-бабының бірінші бөлігінде көзделген негіздер болмаған кезде судья алдын ала тыңдауды тағайындамай және өткізбей жалпы немесе қысқартылған тәртіппен басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы шығарады. ҚПК-нің 382-бабында көзделген шарттар болған кезде судья алдымен басты сот талқылауын қысқартылған тәртіппен тағайындау мүмкіндігі туралы мәселені шешуі тиіс. Судья осы санаттағы істер бойынша басты сот талқылауын жалпы тәртіппен өткізу туралы шешімді, егер ол туралы тараптың басты сот талқылауын жалпы тәртіппен тағайындау туралы өтінішхаты болса немесе істің қысқартылған тәртіппен қаралуы қылмыстық істі жан-жақты, толық әрі объективті қарауға әсер етуі мүмкін болғанда, өзінің бастамасымен қабылдайды.

6. Егер басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы шығарылғаннан кейін іс сотқа келіп түскен кезден бастап бес тәулік мерзім өткенге дейін қылмыстық процесс тараптарының бірінен өтінішхат түссе, онда мәлімделген дәлелдер басты сот талқылауында қаралуға және тексерілуге жатады.

7. Алдын ала тыңдауды өткізудің негіздері мен тәртібіне қатысты ҚПК-нің 321-бабының бірінші бөлігінің талаптарын бұлжытпай сақтау қажеттілігіне соттардың назары аударылсын.

Судьяның алдын ала тыңдауды өткізу туралы қаулысы уәжді болуға тиіс.

Алдын ала тыңдауды жабық сот отырысында өткізуге ҚПК-нің 29-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер мен шарттар болған кезде ғана жол беріледі.

Мәлімделген әрбір өтінішхат бойынша судьяның шешімі алдын ала тыңдау қорытындылары бойынша қабылданған қаулыда көрсетіледі.

8. Егер келіп түскен қылмыстық істі зерделеу кезінде ҚПК-нің 87-бабының тиісті бөліктерінде көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық процеске өзінің қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайларды анықтаса, онда судья іс бойынша қандай да бір процестік әрекеттерді жасамастан және істі қарауға дайындаумен байланысты шешімдер қабылдамастан, ҚПК-нің 86-бабының бірінші бөлігінің талаптарына сәйкес одан әрі іс жүргізуден бас тартуға міндетті және бұл жөнінде істі басқа судьяға белгіленген тәртіппен қайта бөлуді ұйымдастыру үшін сот төрағасының назарына дереу жазбаша нысанда жеткізеді.

Істі осы соттың барлық судьяларының қарауына кедергі келтіретін мән-жайлар анықталған кезде іс судьяның немесе сот төрағасының ұсынуы бойынша сол деңгейдегі басқа сотқа беру мәселесін шешу үшін жоғары тұрған сотқа алдын ала тыңдау өткізілместен жолдануға жатады.

9. Соттылығы бойынша сотқа келіп түскен істі сол деңгейдегі басқа сотқа ҚПК-нің 317-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздермен беруге айыпталушының келісімімен және процестің басқа қатысушыларының қарсылықтары болмаған кезде ғана жол берілетінін, осыған орай соттардың бұл мән-жайлардың алдын ала тыңдау барысында анықталатынын ескергендері жөн.

ҚПК-нің 307-бабының төртінші бөлігіне және 317-бабының бірінші бөлігіне сәйкес жалпы юрисдикциядағы сотқа келіп түскен кәмелетке толмағанға қатысты іс бойынша осы соттың істі қарауына кәмелетке толмаған айыпталушының, оның заңды өкілінің және қорғаушысының жазбаша келісімі болған кезде, судья алдын ала тыңдау кезінде олардың бұл өтінішхатты қолдайтындарын-қолдамайтындарын анықтауға міндетті және оның нәтижесіне, басқа кедергілердің болмауына қарай басты сот талқылауын тағайындау немесе істі соттылығы бойынша кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотқа жіберу туралы шешім қабылдауы тиіс.



10. ҚПК-нің 320-бабының 1) тармағының талаптарына сәйкес сот отырысын тағайындау мүмкіндігі туралы мәселені шешу кезінде судья келіп түскен қылмыстық істің осы соттың соттылығына жататынын-жатпайтынын анықтауға тиіс. Егер іс соттылығы бойынша осы сотта қаралуға жатпаса, онда судья алдын ала тыңдау кезінде ҚПК-нің 316-бабының бірінші бөлігінің және 321-бабының бірінші бөлігінің талаптарына сәйкес істі соттылығы бойынша қаралуға жататын сотқа жолдау туралы қаулы шығарады.

Іс соттылығы бойынша басқа сотқа жолданған кезде сот ҚПК-нің 320-бабының 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақтарында тізбеленген мәселелерді анықтамайды.

Алайда ҚПК-нің 342-бабының екінші бөлігінің талаптарының негізінде Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі - Конституция) 16-бабының 1-тармағында бекітілген бостандық туралы конституциялық құқықтың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, егер іс сотқа келіп түскен күні сотқа берілген адамға қатысты күзетпен ұстау мерзімі аяқталса, онда судья келіп түскен істің соттылығына қарамастан оған осы бұлтартпау шарасын қолдану және оны ұзарту немесе оның күшін жою, не өзгерту негізділігі туралы мәселені қарауға және шешім қабылдауға міндетті.

11. Бұлтартпау шарасын таңдау, оның күшін жою, өзгерту немесе ұзарту мәселелері бойынша келіп түскен өтінішхаттар ҚПК-нің 321-бабының үшінші бөлігінде белгіленген тәртіпке сәйкес алдын ала тыңдау кезінде шешіледі.

Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында ҚПК-нің 137-бабының бірінші бөлігінде көзделген қандай да бір бұлтартпау шарасы таңдалмаған айыпталушыға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішхат қанағаттандырылған жағдайда, онда осы бұлтартпау шарасын таңдау кезінде кепіл мөлшерін айқындау, құқықтар мен міндеттерді, сондай-ақ кепілді енгізу тәртібін түсіндіру туралы ҚПК-нің 148-бабы сегізінші бөлігінің ережелері қолданылмайды.

12. ҚПК-нің 304-бабына сәйкес айыпталушыға айыптау актісін алғаны туралы қолхатпен табыс етілуін, сонымен қатар осы процестік құжаттың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде болған және келуден жалтарған айыпталушыға қолжетімді байланыс құралдары арқылы жіберілуін қамтамасыз ету прокурорға жүктеледі.

Судья істі зерделеу барысында заңда көзделген жағдайда айыпталушыға айыптау актісінің табыс етілмеу және жіберілмеу фактісін анықтаса, басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы шығарып, ҚПК-нің 322-бабының төртінші бөлігінде көрсетілген мерзімдер басталғанға дейін іске тігу үшін тиісті құжаттарды, оның ішінде айыпталушының айыптау актісін алудан бас тартуын немесе одан басқа тәсілмен жалтаруын куәландыратын құжаттарды беру жөнінде қажетті шаралар қабылдауға прокурорды міндеттеуге құқылы.

13. ҚПК-нің 321-бабының екінші бөлігінде алдын ала тыңдау өткізу туралы қаулы шығарылған сәттен бастап оны он тәулік ішінде өткізу мерзімі белгіленген. Заңда оны ұзарту мүмкіндігі көзделмеген. Тараптардан процестік

келісімді, медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісімді жасау туралы арыздар мен өтінішхаттар келіп түскен жағдайда, судья істі қарауға дайындау кезінде қаулыда мұндай өтінішхаттардың мәлімделген фактісін атап өтеді және келісімдердің шарттарын әзірлеу мен оларды жасау үшін қажетті уақыттың жетіспеуіне байланысты, процестік келісімдерді сот талқылауы басталғанға дейін жасап ұсыну арқылы олар мәлім еткен құқықты іске асыру мүмкін екендігін көрсетеді.

14. Айғақтары сотқа дейінгі іс жүргізу барысында сақтауға қойылған адам өзі айғақтар берген істің мән-жайлары бойынша басты сот талқылауы барысында жауап беру ниеті туралы өтінішхатты не оның жауап алу туралы басқа процеске қатысушылардан өтінішхатты уақтылы берілген кезде, судья дәлелдемелерді тікелей зерттеу мен қылмыстық процеске қатысушының процестік құқығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында ҚПК-нің 99-бабының бесінші бөлігіне сәйкес өтінішхатты қанағаттандыруға және оны сот отырысына шақырылуға тиіс адамдардың тізбесіне енгізуге құқылы.

15. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы қылмыстық іс бойынша қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалды өтеуді және мүлікті тәркілеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін шараларды қабылдамауы судьяның ҚПК-нің 171 және 325-баптарының талаптарына сәйкес алдын ала тыңдауды өткізбестен прокурордың атына қаралып отырған іс бойынша сот тергеуі аяқталғанға дейін орындау мерзімін көрсете отырып, тиісті шаралар қолдану жөнінде қаулыны шығаруына негіз болып табылады.

16. Судья алдын ала тыңдау сатысында қылмыстық істерді біріктіру немесе бөліп шығару туралы шешімді ҚПК-нің 43 және 44-баптарында көзделген қағидалар бойынша қабылдайды.

17. Егер сотқа келіп түскен іс бойынша айыпталушы соттан жасырынса не оның жүрген жері анықталмаса, онда сот алдын ала тыңдау кезінде айыпталушыны іздестіру мен іс жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулы шығарады және істі іздестіруді ұйымдастыру шараларын қабылдау үшін прокурорға қайтарады.

Сыбайласып жасалған қылмыс бойынша айыпталатын бірнеше адамдарға қатысты істер бойынша, олардың біреуі немесе бірнешеуі соттан жасырынған, ал басқалары күзетпен ұсталып отырған жағдайда, соттан жасырынған айыпталушыларға қатысты іс бойынша іс жүргізу, егер қалған айыпталушылардың қорғалу құқықтарына нұқсан келтірілмесе, тоқтатыла тұруы мүмкін. Мұндай жағдайларда сот алдын ала тыңдау нәтижелері бойынша жасырынған айыпталушыларға қатысты істі жеке іс жүргізу үшін бөліп шығарып, іздестіруді ұйымдастыру үшін материалдарды прокурорға жіберуге және күзетпен ұсталып отырған қалған айыпталушыларға қатысты істі басты сот талқылауында қарауға тағайындауы тиіс.

18. Істі қарауға дайындау кезінде басты сот талқылауының нысанасы болып табылатын мәселелер алдын ала шешілуге тиіс емес.

Судья тараптың өтінішхатын алдын ала тыңдау кезінде қарағанда айыпталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі туралы мәселені шешпей,

тараптың өтінішхаты немесе өзінің бастамасы бойынша істің тоқтату негіздеріне қатысы бар материалдарды зерделеуге және баға беруге құқылы. Судья іс бойынша іс жүргізуді ҚПК-нің 35-бабының бірінші бөлігінде және 36-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздермен тоқтату туралы шешімді өзіне заңмен берілген өкілеттіктердің шегінде, істі тоқтатуға жол берілмейтін ҚПК-нің 35-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайларды ескере отырып қабылдауы тиіс.

19. Жол берілетін дәлелдемелердің ішінен жекелеген дәлелдемелерді алып тастау туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартылған кезде, арыз берушіге оның ҚПК-нің 99-бабының үшінші бөлігінде көзделген құқығы түсіндіріледі.

Алдын ала тыңдау кезінде жәбірленушінің не оның өкілінің айыпталушыға неғұрлым ауыр айып тағу, қылмыстық жауаптылыққа басқа адамдарды тарту қажеттілігі жөніндегі уәждері бойынша істі прокурорға қайтару туралы мәлімдеген, тергеп-тексерудің толық жүргізілмеуіне негізделген немесе дәлелдемелерді бағалауға байланысты өтінішхаттары қаралуға жатпайды, өйткені олар басты сот талқылауында тексерілуі тиіс.

20. Сот өз бастамасымен алдын ала тыңдау кезінде айыпты және басты сот талқылауының шектерін өзгертуге құқылы емес.

Айыпты өзгертуге прокурордың ғана құқығы бар. ҚПК-нің 321-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес прокурор алдын ала тыңдау барысында айыпты өзгертуге және сотқа жаңа тұжырымдауды жазбаша түрде ұсынуға құқылы. Прокурордың ұсынып отырған тұжырымдауы неғұрлым ауыр айыпты тағуға бағытталған немесе бастапқы айыптан елеулі түрде ерекшеленетін жағдайларда, судья процеске қатысушылардың пікірін тыңдап, сот отырысын алдын ала тыңдау мерзімінің шегінде кейінге қалдыруға және прокурорға жаңа айыптау актісін жасап, оның көшірмесін ҚПК-нің 304-бабының үшінші бөлігінің тәртібімен тараптарға табыс ету үшін уақыт беруге құқылы.

Егер белгіленген мерзімде прокурор аталған әрекеттерді орындамаса, судья ҚПК-нің 340-бабының бесінші бөлігіне сәйкес сот талқылауы сатысында прокурордың өз құқығын іске асыра алатындығын ескере отырып, айыпталушыны сотқа берілген сол айыппен қарауға басты сот талқылауын тағайындайды.

Егер прокурордың айыптауды өзгертуі соттылықты өзгертуге алып келсе, онда судья айыптау актісін қайта жасау және істі соттылығы бойынша жіберу үшін прокурорға қайтарады.

Прокурордың басқа адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін уақыт беру туралы өтінішхаты алдын ала тыңдау барысында ҚПК-нің 340-бабының үшінші бөлігіне сәйкес қаралады.

21. Қылмыстық іс прокурорға ҚПК-нің 323-бабының негізінде тараптардың өтінішхаты бойынша, сонымен қатар соттың өз бастамасымен қайтарылуы мүмкін. Өтінішхатты сотталушы, оның қорғаушысы мен заңды өкілі, мемлекттік айыптаушы, жәбірленуші мен оның өкілі, азаматтық талап қоюшы және азаматтық жауапкер, олардың өкілдері мәлімдеуге құқылы.

Соттың істі прокурорға жіберу туралы шешімі қаулымен ресімделеді, онда істі прокурорға қайтару негізі мен уәждері көрсетіледі, айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасын қалдыру, өзгерту, оның күшін жою немесе ұзарту туралы мәселе шешіледі.

22. Соттардың назары қылмыстық теріс қылықтар туралы істерді қоспағанда, сот өз бетімен жоя алмайтын және сотқа басты сот талқылауын тағайындауды ұйымдастыру мен дайындауға, сонымен қатар ҚПК-нің 340-бабына сәйкес оның шектерін анықтауға мүмкіндік бермейтін қылмыстық-процестік заңнаманы елеулі түрде бұзушылықтар анықталған кезде ғана ҚПК-нің 323-бабының тәртібімен істі алдын ала тыңдаудан прокурорға қайтаруға жол берілетініне аударылсын.

23. Басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін мына жағдайлар:

келіп түскен іс бойынша тергеп-тексеру органы ҚПК-нің 294, 295, 296 және 297-баптарының талаптарын орындамаса және тараптардың мәлімдеген өтінішхаттары бойынша шешім қабылдамаса немесе тергеп-тексеру органның оларды қанағаттандырудан бас тартқанына тараптың уақытында берген шағымын прокурор шешпесе;

прокурор айыптау актісіне келісім білдірмесе не осы актіні жасаған тұлға оған қол қоймаса;

айыпталушы сотқа берілмесе;

сотқа беру туралы қаулыда айып тағылған және айыптау актісі жасалған адамдар толық көрсетілмесе және қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулы болмаса;

күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулыда, айыптау актісінде, сотқа беру туралы қаулыда күдіктінің, айыпталушының жеке басына қатысты мәліметтерді жазу кезінде қателер жіберілсе, сонымен қатар, егер осы процестік құжаттарда күдікті адамға қылмыстық заңның нақты бабы, бап бөлігі мен тармағы тағылғаны көрсетілмесе;

істе материалдардың тізімдемесі немесе тұрғылықты жерлері көрсетілген сотқа шақырылуға тиіс адамдардың тізімі (ҚПК-нің 97-бабының тәртібімен бүркеншік атымен жауап алынған адамдарды және белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды қоспағанда) болмаса;

істе күзетпен ұсталып отырған күдікті адамның жеке басын куәландыратын құжат болмаса;

іс материалдары оларды толық оқуға мүмкіндік бермейтін тәсілмен орындалса және сот жоя алмайтын басқа да бұзушылықтар болса, онда қылмыстық-процестік заңды елеулі түрде бұзушылықтар болып танылуы мүмкін.

24. 340-баптың бірінші бөлігінің мағынасы бойынша басты сот талқылауына тек сол сотталушыға қатысты және ол сотқа берілген айыптау шектерінде ғана жол беріледі. ҚПК-нің 204, 299-баптарының талаптарына қарамастан күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулыда, айыптау актісінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың оқиғасы, уақыты, орны, тәсілі,

уәжі, салдарлары, саралануы және басқа да мән-жайлар туралы мәліметтер жазылмаған; айыптау актісінде көрсетілген айыптау күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулыда көрсетілген айыптауға сәйкес келмеген; айыптау актісінде қылмыстық заңның әртүрлі баптарында, бөліктерінде немесе тармақтарында көзделген бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамды айыптау кезінде әрбір қылмыстық құқық бұзушылық жеке сараланбаған немесе бір қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін бірнеше адамды айыптау кезінде әрбір күдіктіге қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы көрсетілмеген жағдайларда, іс прокурорға алдын ала тыңдаудан қайтарылуға жатады.

25. Алдын ала тыңдау қорытындылары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы ҚПК-нің 190-бабының алтыншы бөлігінің және 613-бабының екінші бөлігінің талаптарын бұзған кезде барлық жағдайда іс прокурорға қайтарылуға жатады. Сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу тәртібімен аяқталған істер бойынша алдын ала тыңдау кезінде, істі қысқартылған тәртіптегі басты сот талқылау кезінде сотталушы өзінің кінәсіз екендігін мәлімдесе, онда ҚПК-нің 190-бабының екінші бөлігінде көзделген негіздердің болмауына байланысты іс прокурорға қайтарылуға жатады.

26. ҚПК-нің 323-бабының тәртібімен прокурорға жіберілген іс сотқа қайта түскен кезде, судья басты сот талқылауын тағайындауға немесе сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу тәртібімен немесе процестік келісім жасалып аяқталған істі басты сот талқылауында қарауға кедергі келтірген мән-жайларды прокурордың толық жойғандығын тексеріп, оның нәтижесі бойынша ҚПК-нің 319-бабының екінші бөлігіне сәйкес шешім қабылдайды.

Бұл ретте, Егер сот тағылған айып бойынша күдіктінің кінәсін дәлелдейтін қосымша жаңа дәлелдемелер жинақталғанын анықтаса, онда соттың бастамасымен немесе тараптың өтінішхаты бойынша олар жол берілмейтін дәлелдемелер деп танылуға жатады.

27. Конституцияның 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының  
Төрағасы**

**Қ. Мәми**

**Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы,  
жалпы отырыс хатшысы**

**Г. Әлмағамбетова**

## **НОРМАТИВНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 10 ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

8 декабря 2017 года

город Астана

### **О некоторых вопросах применения судами норм уголовно- процессуального законодательства по поступившему уголовному делу**

В целях обеспечения единообразия судебной практики и правильного применения норм главы 41 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК), регламентирующих назначение главного судебного разбирательства и подготовительные действия к судебному заседанию (далее – подготовка назначения главного судебного разбирательства), пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан постановляет дать следующие разъяснения.

1. Задачами уголовного процесса при подготовке к назначению главного судебного разбирательства являются проверка соблюдения в ходе досудебного производства норм уголовно-процессуального закона и разрешение вопросов, направленных на подготовку и обеспечение все стороннего, полного и объективного рассмотрения уголовного дела на основе принципа состязательности судебного процесса.

2. Судам при исчислении процессуальных сроков следует различать дату поступления уголовного дела от даты принятия его к производству суда.

Уголовное дело считается поступившим в производство суда после выполнения по нему работником канцелярии учетно-регистрационной работы и результата автоматического распределения дела.

Дело считается принятым к производству суда, когда по нему судьей вынесено постановление в соответствии с пунктом 1) части второй статьи 319 УПК либо постановление, вынесенное по результатам предварительного слушания в соответствии с требованиями части пятой статьи 321, 322 УПК.

3. Суды вправе приступить к рассмотрению уголовного дела в главном судебном разбирательстве только после выполнения предусмотренных законом обязательных процессуальных действий и принятия процессуальных решений по подготовке судебного разбирательства.

При этом судья должен учитывать следующее:

полномочия судьи по подготовке к судебному рассмотрению уголовного дела частного обвинения регламентированы статьей 409 УПК и разъяснениями нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 25 декабря 2006 года № 13 «О судебной практике по делам частного обвинения» и по таким делам предварительное слушание не проводится;

действия судьи по подготовке назначения судебного разбирательства и порядок предварительного слушания по делам с участием присяжных заседателей осуществляется с учетом особенностей, установленных статьями 635, 636 и 637 УПК и положениями нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 4 «О практике применения судами законодательства, регламентирующего производство по уголовным делам с участием присяжных заседателей» и проведение по таким делам предварительного слушания обязательно;

по делу, поступившему с процессуальным соглашением о признании вины, заключенным на стадии досудебного производства, судья осуществляет действия в соответствии со статьей 623 УПК и разъяснениями нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 7 июля 2016 года № 4 «О практике рассмотрения судами уголовных дел в согласительном производстве». Для принятия решения по основаниям, указанным в пунктах 2) и 3) части первой статьи 623 УПК, судья проводит предварительное слушание дела в порядке, предусмотренном статьей 321 УПК.

По делам об уголовных проступках не распространяются предусмотренные главой 41 УПК правила назначения главного судебного разбирательства и проведения предварительного слушания. Поступившее дело об уголовном проступке судья немедленно принимает в производство. Оно подлежит рассмотрению по существу в соответствии со статьей 529 УПК в течение пятнадцати суток с момента поступления в суд либо в день поступления в случаях, предусмотренных частью четвертой статьи 529 УПК, с принятием одного из решений, перечисленных в пунктах 1), 2) и 3) части шестой данной статьи.

4. В ходе подготовки поступившего дела к рассмотрению в главном судебном разбирательстве судья в соответствии с нормами главы 41 УПК обязан в срок не позднее пяти суток с момента поступления изучить материалы дела, выяснить, не допущены ли органами досудебного производства нарушения требований уголовно-процессуального закона, препятствующие либо исключающие его рассмотрение в главном судебном разбирательстве, не имеются ли подлежащие разрешению ходатайства и жалобы сторон, другие основания для проведения предварительного слушания. Судья также устанавливает, имеется ли необходимость принятия по данным вопросам предусмотренных законом процессуальных решений и выполнения процессуальных действий в целях обеспечения беспрепятственного, правильного разрешения уголовного дела.

5. При отсутствии оснований, предусмотренных частью первой статьи 321 УПК, постановление о назначении главного судебного разбирательства в общем или сокращенном порядке принимается судьей без назначения и проведения предварительного слушания. Судья первоначально должен рассмотреть вопрос о возможности назначения

главного судебного разбирательства в сокращенном порядке при наличии условий, предусмотренных статьей 382 УПК. Решение о проведении главного судебного разбирательства по этой категории дел в общем порядке принимается судьей, если об этом имеется ходатайство стороны о назначении главного судебного разбирательства в общем порядке либо по собственной инициативе, когда рассмотрение дела в сокращенном порядке может повлиять на всесторонность, полноту и объективность рассмотрения уголовного дела.

6. Если после вынесения постановления о назначении главного судебного разбирательства до истечения пяти суток с момента поступления дела в суд поступило ходатайство одной из сторон уголовного процесса, то заявленные доводы подлежат рассмотрению и проверке в главном судебном разбирательстве.

7. Следует обратить внимание судов на необходимость неукоснительного соблюдения требований части первой статьи 321 УПК относительно оснований и порядка проведения предварительного слушания.

Постановление судьи о проведении предварительного слушания должно быть мотивированным.

Проведение предварительного слушания в закрытом судебном заседании допускается только при наличии оснований и условий, указанных в части первой статьи 29 УПК.

Решение судьи по каждому заявленному ходатайству отражается в постановлении, принятом по итогам предварительного слушания.

8. Если при изучении поступившего уголовного дела судьей установлены обстоятельства, исключающие возможность его участия в уголовном процессе по основаниям, указанным в соответствующих частях статьи 87 УПК, то без совершения по нему каких-либо процессуальных действий и принятия решений, связанных с подготовкой дела к рассмотрению, судья обязан в соответствии с требованиями части первой статьи 86 УПК устранившись от дальнейшего производства, о чем незамедлительно в письменной форме доводит до сведения председателя суда для организации в установленном порядке перераспределения дела другому судье.

При наличии обстоятельств, препятствующих рассмотрению дела всеми судьями данного суда, оно по представлению судьи или председателя суда без проведения предварительного слушания подлежит направлению в вышестоящий суд для решения вопроса о передаче дела в другой суд того же уровня.

9. Судам следует иметь в виду, что передача поступившего дела из суда, которому оно подсудно, в другой суд того же уровня по основаниям, указанным в части первой статьи 317 УПК, допускается лишь при согласии обвиняемого и отсутствии возражений других участников процесса, в связи с чем данные обстоятельства устанавливаются в ходе предварительного слушания.



По делу в отношении несовершеннолетнего, поступившему в суд общей юрисдикции в соответствии с частью четвертой статьи 307 и частью первой статьи 317 УПК, где имеется письменное согласие несовершеннолетнего обвиняемого, его законного представителя и защитника на рассмотрение дела этим судом, судья в предварительном слушании обязан выяснить, поддерживается ли данное ходатайство, и в зависимости от результата, отсутствия других препятствий, принять решение о назначении главного судебного разбирательства либо направлении дела по подсудности в специализированный межрайонный суд по делам несовершеннолетних.

10. В соответствии с требованиями пункта 1) статьи 320 УПК при решении вопроса о возможности назначения судебного заседания судья должен выяснить подсудность поступившего уголовного дела данному суду. Если дело не подсудно данному суду, то судья в предварительном слушании в соответствии с требованиями части первой статьи 316 и части первой статьи 321 УПК выносит постановление о направлении дела в тот суд, которому оно подсудно.

При направлении дела по подсудности в другой суд вопросы, перечисленные в пунктах 2), 3), 4), 5), 6) и 7) статьи 320 УПК судом не выясняются.

Однако, исходя из требований части второй статьи 342 УПК, в целях обеспечения соблюдения конституционного права на свободу, закрепленного в пункте 1 статьи 16 Конституции Республики Казахстан (далее - Конституция), при условии, если на день поступления дела в суд срок содержания под стражей в отношении лица, преданного суду, истек, то судья обязан рассмотреть и принять решение об обоснованности применения к нему данной меры пресечения и его продления, либо ее отмены или изменения независимо от подсудности поступившего дела.

11. Разрешение поступивших ходатайств по вопросам избрания, отмены, изменения либо продления меры пресечения осуществляется в предварительном слушании в соответствии с порядком, установленным частью третьей статьи 321 УПК.

В случае удовлетворения ходатайства об избрании в отношении обвиняемого меры пресечения в виде содержания под стражей, к которому какая-либо из предусмотренных частью первой статьи 137 УПК мер пресечения в ходе досудебного производства не избиралась, то при избрании этой меры пресечения положения части восьмой статьи 148 УПК об определении размера залога, разъяснения прав и обязанностей, а также порядка внесения залога не применяются.

12. В соответствии со статьей 304 УПК обеспечение вручения обвинительного акта обвиняемому под расписку о его получении, в том числе направление этого процессуального документа через доступные средства связи обвиняемому, находящемуся вне пределов Республики Казахстан и уклоняющемуся от явки, возлагается на прокурора.

Судья, установив при подготовке дела факт невручения обвинительного акта и его ненаправления обвиняемому в предусмотренном законом случае, вправе вынести постановление о назначении главного судебного разбирательства и обязать прокурора принять необходимые меры с предоставлением соответствующих документов для приобщения к делу, в том числе свидетельствующих об отказе обвиняемого в получении обвинительного акта либо уклонении от этого иным способом, до наступления сроков, указанных в части четвертой статьи 322 УПК.

13. Частью второй статьи 321 УПК установлен срок проведения предварительного слушания в течение десяти суток с момента вынесения постановления о его проведении. Закон не предусматривает возможность его продления. В случае поступления заявлений и ходатайств от сторон о заключении процессуального соглашения, соглашения о достижении примирения в порядке медиации судья при подготовке дела к рассмотрению в постановлении отражает факт заявления данных ходатайств, и ввиду отсутствия времени, необходимого для выработки условий и составления соглашений, указывает возможность реализации заявленного ими права путем предоставления заключенных процессуальных соглашений до начала судебного разбирательства.

14. При своевременной подаче ходатайства лицом, чьи показания были депонированы в ходе досудебного производства, о его желании быть допрошенным в ходе главного судебного разбирательства по обстоятельствам дела, о которых он дал показания, либо ходатайства об его допросе от других участников процесса, судья в соответствии с частью пятой статьи 99 УПК вправе удовлетворить ходатайство и включить его в перечень лиц, подлежащих вызову в судебное заседание, в целях обеспечения непосредственности исследования доказательств и соблюдения процессуального права участника уголовного процесса.

15. Непринятие органом досудебного расследования по уголовному делу мер, обеспечивающих возмещение ущерба, причиненного уголовным правонарушением, и возможную конфискацию имущества, в соответствии с требованиями статей 171 и 325 УПК, является основанием для вынесения судьей без проведения предварительного слушания постановления в адрес прокурора о необходимости принятия указанных мер с установлением срока исполнения до завершения судебного следствия по рассматриваемому делу.

16. Решение о соединении или выделении уголовных дел на стадии предварительного слушания судьей принимается по правилам, предусмотренным статьями 43 и 44 УПК.

17. Если по поступившему в суд делу обвиняемый скрылся от суда либо место его пребывания не установлено, то суд в предварительном слушании выносит постановление о розыске обвиняемого и приостановлении производства и возвращает дело прокурору для принятия мер по организации розыска.

По делам в отношении нескольких лиц, обвиняемых в преступлении, совершенном в соучастии, когда один или несколько из них скрылись от суда, а другие содержатся под стражей, производство по делу в отношении скрывшихся от суда обвиняемых может быть приостановлено при условии, если этим не ущемляются права остальных на защиту. В таких случаях по результатам предварительного слушания суд должен выделить дело в отношении скрывшихся обвиняемых в отдельное производство с направлением материалов прокурору для организации розыска и назначить главное судебное разбирательство дела в отношении остальных обвиняемых, находящихся под стражей.

18. При подготовке дела к рассмотрению не должны предрешаться вопросы, которые являются предметом главного судебного разбирательства.

Судья при рассмотрении ходатайства стороны в предварительном слушании, не предрешая вопрос о виновности или невиновности обвиняемого, вправе по ходатайству стороны или по своей инициативе исследовать и дать оценку материалам дела, имеющим отношение к основаниям его прекращения. Решение о прекращении производства по делу по основаниям, указанным в части первой статьи 35 и части первой статьи 36 УПК, принимается судьей в пределах предоставленных ему законом полномочий, с учетом предусмотренных частью четвертой статьи 35 УПК случаев, когда прекращение дела не допускается.

19. При отказе в удовлетворении ходатайства об исключении отдельных доказательств из числа допустимых заявителю разъясняется его право, предусмотренное частью третьей статьи 99 УПК.

Заявленные на предварительном слушании ходатайства потерпевшего либо его представителя о возвращении дела прокурору по мотивам необходимости предъявления обвиняемому более тяжкого обвинения, привлечения к уголовной ответственности других лиц, основанные на неполноте проведенного расследования или связанные с оценкой доказательств, подлежат оставлению без рассмотрения, поскольку являются предметом главного судебного разбирательства.

20. Суд не вправе по своей инициативе в предварительном слушании изменить обвинение и пределы главного судебного разбирательства.

Право на изменение обвинения имеет только прокурор. В соответствии с частью шестой статьи 321 УПК прокурор в ходе предварительного слушания вправе изменить обвинение и представить суду новую формулировку в письменном виде. В тех случаях, когда предлагаемая прокурором формулировка направлена на предъявление более тяжкого обвинения или существенно отличается от первоначального, судья, выяснив мнение участников процесса, вправе отложить судебное заседание в пределах срока предварительного слушания и предоставить прокурору время для составления нового обвинительного акта и вручения его копии сторонам в порядке части третьей статьи 304 УПК.

Если к установленному сроку указанные действия прокурором не выполнены, судья назначает главное судебное разбирательство по тому обвинению, по которому обвиняемый предан суду, учитывая возможность реализации прокурором своего права в соответствии с частью пятой статьи 340 УПК на стадии судебного разбирательства.

Если изменение прокурором обвинения влечет изменение подсудности, судья возвращает дело прокурору для пересоставления обвинительного акта и направления дела по подсудности.

Ходатайство прокурора о предоставлении времени для привлечения к уголовной ответственности других лиц в ходе предварительного слушания рассматривается в соответствии с частью третьей статьи 340 УПК.

21. Уголовное дело может быть возвращено прокурору на основании статьи 323 УПК как по ходатайству сторон, так и по собственной инициативе суда. Ходатайство вправе заявить подсудимый, его защитник и законный представитель, государственный обвинитель, потерпевший и его представитель, гражданский истец и гражданский ответчик, их представители.

Решение суда о направлении дела прокурору оформляется постановлением, в котором указывается основание и мотивы возврата дела прокурору, разрешается вопрос об оставлении, изменении, отмене либо продлении меры пресечения в отношении обвиняемого.

22. Обратит внимание судов на то, что в порядке статьи 323 УПК возврат дела прокурору с предварительного слушания, за исключением дел об уголовных проступках, допускается лишь при установлении существенных нарушений уголовно-процессуального законодательства, которые не могут быть устранены судом самостоятельно и лишают суд возможности организовать и подготовить назначение главного судебного разбирательства, а также определить его пределы в соответствии со статьей 340 УПК.

23. Существенными нарушениями уголовно-процессуального закона, препятствующими назначению главного судебного разбирательства, могут быть признаны случаи:

по поступившему делу органом расследования не выполнены требования статей 294, 295, 296 и 297 УПК и не принято решение по заявленным ходатайствам сторон или прокурором не разрешена своевременно поданная жалоба стороны на отказ органа расследования в их удовлетворении;

прокурор не выразил согласия с обвинительным актом либо данный акт не подписан лицом, его составившим;

обвиняемый не предан суду;

в постановлении о предании суду указаны не все лица, в отношении которых выдвинуто обвинение и составлен обвинительный акт, при отсутствии в деле в отношении них постановления о прекращении уголовного преследования;

допущены ошибки при написании анкетных данных подозреваемого, обвиняемого в постановлении о квалификации деяния подозреваемого, обвинительном акте, постановлении о предании суду, а также если в этих процессуальных документах не указаны конкретная статья, часть и пункт статьи уголовного закона, по которому подозревается лицо;

в деле отсутствует описание материалов дела либо список лиц, подлежащих вызову в суд с указанием адресов их проживания (кроме лиц, допрошенных под псевдонимом в порядке статьи 97 УПК и лиц без определенного места жительства);

в деле отсутствует документ, удостоверяющий личность подозреваемого лица, содержащегося под стражей;

материалы дела исполнены способом, исключающим возможность их полного прочтения и другие нарушения, которые не могут быть устранены судом.

24. По смыслу части первой статьи 340 главное судебное разбирательство допускается только в отношении того подсудимого и в пределах того обвинения, по которому он предан суду. Дело подлежит возврату прокурору с предварительного слушания и в тех случаях, когда вопреки требованиям статей 204, 299 УПК в постановлении о квалификации деяния подозреваемого в обвинительном акте не изложены сведения о событии, времени, месте совершенного уголовного правонарушения, его способе, мотиве, последствиях, квалификации и иных обстоятельствах; обвинение, изложенное в обвинительном акте, не соответствует обвинению, изложенному в постановлении о квалификации деяния подозреваемого; в обвинительном акте не указана квалификация каждого уголовного правонарушения в отдельности при обвинении лица в совершении нескольких уголовных правонарушений, предусмотренных разными статьями, частями или пунктами уголовного закона либо не указана квалификация уголовного правонарушения в отношении каждого подозреваемого при обвинении нескольких лиц в совершении одного уголовного правонарушения.

25. По итогам предварительного слушания дело подлежит возвращению прокурору во всяком случае, когда органом досудебного расследования нарушены требования части шестой статьи 190 и части второй статьи 613 УПК. По мотиву отсутствия оснований, предусмотренных частью второй статьи 190 УПК, также подлежат возвращению прокурору дела, завершённые в порядке ускоренного досудебного производства, по которым подсудимым заявлено отрицание своей вины как на предварительном слушании, так и в ходе главного судебного разбирательства в сокращённом порядке.

26. При повторном поступлении в суд дела, направленного прокурору в порядке статьи 323 УПК, судья проверяет полноту устранения прокурором обстоятельств, препятствовавших назначению главного судебного разбирательства или рассмотрению дела, оконченных в порядке ускоренного

досудебного производства или с заключенным процессуальным соглашением при главном судебном разбирательстве, по результатам которого принимается решение в соответствии с частью второй статьи 319 УПК.

При этом если судом будет установлено, что по делу осуществлен дополнительный сбор новых доказательств в обоснование вины подозреваемого по выдвинутому обвинению, то такие доказательства по инициативе суда или по ходатайству стороны подлежат признанию недопустимыми.

27. Согласно статье 4 Конституции настоящее нормативное постановление включается в состав действующего права, является общеобязательным и вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Председатель  
Верховного Суда  
Республики Казахстан**

**К. Мами**

**Судья Верховного Суда  
Республики Казахстан,  
секретарь пленарного заседания**

**Г. Альмагамбетова**



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ № 11 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ

2017 жылғы 8 желтоқсан

Астана қаласы

### **Террористік және экстремистік қылмыстар туралы заңнаманы қолдану бойынша сот практикасының кейбір мәселелері туралы**

Сот практикасын қорыту нәтижелерінің негізінде, Қазақстан Республикасының террористік және экстремистік қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнамасын соттардың дұрыс және біркелкі қолдануы мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруге қаулы етеді.

1. Террористік және экстремистік қылмыстар қоғамдық қауіпсіздікке елеулі зиян, мемлекеттілік негіздерге нұқсан келтіреді, сондықтан осы санаттардағы істерді уақтылы және дұрыс қарау мемлекеттің қауіпсіздігін, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Қазақстан Республикасының Конституциясын (бұдан әрі – Конституция), заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын орындауды қамтамасыз етудің маңызды қағидаттарының бірі болып табылады.

2. Террористік және экстремистік қылмыстар туралы істерді қарау кезінде соттар Конституцияның, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК), «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416 (бұдан әрі – Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заң), «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV (бұдан әрі – Кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы заң), «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 (бұдан әрі - Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заң) Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, сонымен қатар Қазақстан Республикасы ратификациялаған терроризмге және экстремизмге қарсы күрес мәселелері бойынша халықаралық шарттардың нормаларын басшылыққа алуы қажет.

3. ҚК-нің 255-бабына және Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңның 1-бабының б) тармақшасына сәйкес терроризм актісі дегеніміз адамдардың қаза табуы, едәуір мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер жасау немесе жасаймын деп қорқыту, егер бұл іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықтың үрейлендіру, Қазақстан Республикасы

мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, соғысқа арандату не халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалса, сондай-ақ нақ сол мақсаттарда адам өміріне қастандық жасау, сол сияқты мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында оның өміріне қастандық жасау не халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдар мен ұйымдарға, ғимараттарға, құрылыстарға шабуыл жасаумен, адамды кепілге алумен, ғимараттарды, құрылыстарды, қатынас және байланыс құралдарын басып алумен, әуе немесе су кемесін, жылжымалы теміржол құрамын не өзге де қоғамдық көлікті айдап әкетумен, сол сияқты басып алумен ұштасқан адам өміріне қол сұғу болып табылады.

4. Террористік және экстремистік қылмыстар тізбесі ҚК-нің 3-бабының 30), 39) тармақтарында көрсетілген.

ҚК-нің 184 (диверсия), 258 (террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік), 259 (террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру), 260-баптарында (террористік немесе экстремистік даярлықтан өту) көзделген әрекеттер экстремистік, сонымен қатар террористік қылмыстарға жатқызылғандығын назарға алған жөн.

5. Қылмыс жасаған уақытта он төрт жасқа толған адам ҚК-нің 173, 174, 177, 178, 184, 255, 256, 257 (бірінші және екінші бөліктерінде), 258, 261, 269-баптарында көзделген террористік және экстремистік қылмыстардың субъектісі бола алады.

Террористік және экстремистік бағыттағы қылмыстардың өзге түрлерін жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық он алты жастан басталады.

ҚК-нің 15-бабы үшінші бөлігіне сәйкес кәмелетке толмаған адам психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемде ұғына алмаса не оларға ие бола алмаса, ол қылмыстық жауаптылыққа жатпайды.

6. Терроризм актісінің субъективті тарабы тікелей пиғылмен және арнайы мақсатпен сипатталады.

Терроризм актісінің арнайы мақсаттары (бұдан әрі – арнайы мақсаттар): қоғамдық қауіпсіздікті бұзу; халықты үрейлендіру; Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына не болмаса мемлекет не қоғам қайраткерлерінің қызметін тоқтату немесе осындай қызметі үшін кек алу мақсатында ықпал ету; соғысқа арандату; халықаралық қатынастарды ушықтыру болып табылады.



Терроризм актілері туралы істерді қарау кезінде субъектіде қылмыстың субъективтік тарабының құрамдас бөлігі ретінде арнайы мақсаттың бар болуын әрқашан анықтап отыру қажет. Бұл ретте әрекетті терроризм актісі деп тану үшін кінәлі адамда аталған арнайы мақсаттардың бірінің болуы жеткілікті.

Егер жасалған әрекеттердің бірде бір мақсаты анықталмаған болса, кінәлі адамдар ҚК-нің басқа тиісті баптарына сәйкес жауапты болады.

7. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы 4-бабының 1) тармақшасына сәйкес терроризм объектісі ретінде қоғамдық қауіпсіздік деп қоғамның тұтастығы мен оның тұрақтылығы қамтамасыз етілетін азаматтар өмірінің, денсаулығының және амандығының, қазақстандық қоғамның рухани-имандылық құндылықтарының және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің нақты әрі ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі түсіндіріледі.

Адамдардың өз өмірлері мен денсаулығы, жақындарының қауіпсіздігі, мүлкінің сақталуы және басқалар үшін қорқынышын тудыруға қабілетті іс-қимылдар сипаты жағынан халықтың үрейлендіретін іс-қимылдар деп танылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, шет мемлекеттерге, халықаралық ұйымдарға, мемлекеттік не қоғам қайраткерлеріне ықпал ету тиісті субъектілердің белгілі бір шешімдер қабылдау не оларды қабылдаудан тартыну пиғылынан көрінуі мүмкін.

8. Жарылыс, өрт қою немесе өзге де іс-қимылдардың жасалуы, егер аталған әрекеттер халықты үрейлендіру сипатында болғаны және адамдардың қаза табуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың нақты туындау қаупін төндіргені анықталса, ҚК-нің 255-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа алып келеді.

Бұл ретте адамның қаза табуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупі нақты болуға тиіс, бұл қылмыстың жасалған орны, уақыты, қарулары, құралдары, қылмысты жасау тәсілі және істің басқа да мән-жайлары (жарылыс орны ауданында болған адамдар саны туралы, пайдаланылған жарылғыш құрылғының қуаты мен жою қабілеті туралы деректер және тағы басқалар) ескеріле отырып, әрбір нақты жағдайда айқындалады.

ҚК-нің 255-бабында көрсетілген адамдардың қаза табуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-қимылдарды жасау деп зардаптары жағынан жарылыспен немесе өрт қоюмен салыстыруға болатын қасақана іс-қимылдарды (авариялар, апаттар ұйымдастыру, дамбаларды бұзу, су құбыры жүйесін, электр беру желілерін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін басқа да объектілерді бүлдіру, эпидемия немесе эпизоотия тудыра алатын ауру жұқтырғыш микробтар тарату, жерлерді радиоактивтік, химиялық,

биологиялық (бактериологиялық) және өзге де улау, елді мекендерге қарулы шабуыл жасау, тұрғын үйлерді, мектептерді, ауруханаларды, әкімшілік ғимараттарды, әскери қызметкерлер немесе құқық қорғау, арнаулы немесе өзге де мемлекеттік органдар қызметкерлері орналасқан жерлерді атқылау; ғимараттарды, вокзалдарды, порттарды, мәдени немесе діни құрылыстарды басып алу және (немесе) қирату) түсінген жөн.

Мүліктік залалдың елеулі болатыны-болмайтыны туралы мәселені шешу кезінде соттар жойылған немесе бүлінген мүліктің, материалдық құндылықтардың бағасын және маңыздылығын, сондай-ақ бүлінген мүлікті қалпына келтіру (жөндеу) үшін қажетті нақты шығыстарды негізге алуға тиіс.Террористік актінің салдарынан елеулі мүліктік залал келтіру ҚК-нің 255-бабының бірінші бөлігі бойынша сараланады (ҚК-нің 255-бабының басқа саралау белгілері болмаған кезде) және ҚК-нің 202 және 203-баптары бойынша қосымша саралауды талап етпейді.

ҚК-нің 255-бабының бірінші бөлігіне қатысты өзге де қоғамдық қауіпті зардаптарға, атап айтқанда, бірнеше адамдардың денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіру, кәсіпорынның (кәсіпорындардың) және (немесе) мекеменің (мекемелердің) жұмысын ұзақ уақытқа бұзу, мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін ұйымдастыруға іріткі салу, экологиялық ахуалды айтарлықтай нашарлату (мысалы, суды, атмосфераны ластау, жерлерді деградациялау және ауқымды материалдық шығындарды және олардың салдарларын жою үшін ұзақ уақытты талап ететін қоршаған ортаны өзге де келеңсіз өзгертулер) жатқызылуы мүмкін.

Кәсіпорынның немесе мекеменің жұмысын бұзу ұзақ болғаны-болмағаны туралы мәселені шешу кезінде соттар жұмыстың тоқтап тұру ұзақтығын, олардың қызмет ерекшелігін, келтірілген зардаптардың мөлшерін және басқаларын ескере отырып, істің нақты мән-жайларын негізге алуы тиіс.

9. Кінәлі адамның арнайы мақсаттарда жарылыс, өрт қою немесе адамдардың қаза табуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-қимылдар жасауға анық көрінетін ниетін куәландыратын, кесімді мәлімдеумен жалғасатын іс-қимылдары терроризм актісін жасау қатері деп түсініледі.

Қатердің жүзеге асуынан қауіптенуге жеткілікті негіздердің бар болуы қатердің нақтылығын бағалаудың өлшемшарты болып табылады. Жарылыс, өрт қою немесе халықты үрейлендіретін және адамның немесе бірнеше адамдардың қаза табуы қаупін, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті басқа да зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-қимылдар жасап қорқыту формальдық құрамға жатады және аталған іс-қимылдарды жасау қатері тиісті адамға жеткізілген кезде, егер ол қатерді нақты деп қабылдаса, аяқталған қылмыс болып саналады.

Қатер мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, ұйымдарға, мемлекет немесе қоғам қайраткерлеріне төнуі, ашық немесе жасырын болуы мүмкін.

Қатер әртүрлі тәсілдермен жеткізілуі мүмкін, мысалы, ауызша айту, жазбаша мәлімдеу, телефон арқылы хабарлау, техникалық құралдарды, ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді, бұқаралық ақпарат құралдарын, компьютерлік технологияларды пайдаланып тарату.

Терроризм актісінің қатері терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлаудан (ҚК-нің 273-бабы) құқық қорғау органдарының және шұғыл ден қою қызметтерінің байланыс арналары арқылы түскен терроризм актісі қатерінің көрінеу жоқтығы туралы ақпарат терроризм актісі туралы жалған хабар болып табылатындығымен ерекшеленеді, яғни жалған хабар кезінде терроризм актісі қатерінің болмайтынын соттардың назарға алғандары жөн. Терроризм актісі қатері кезінде кінәлі адам арнайы мақсаттарды көздейді.

10. Егер кінәлі адам террористік акт жасау мақсатында жарылыс, өрт қою немесе адамдардың қаза табуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-қимылдар жасауға ұмтылған болса, бірақ өзіне байланысты емес мән-жайларға қарай бұл іс-қимылдарды жасай алмаса, жасалған әрекет терроризм актісін жасауға оқталу ретінде саралануға тиіс.

ҚК-нің 24-бабы екінші бөлігіне сүйене отырып, ауыр немесе аса ауыр қылмысқа дайындалғаны үшін, сондай-ақ террористік қылмысқа дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылық туындайтындығын ескерген жөн.

Қылмыс үшін сотталмаған және қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған адамның террористік қылмысты кемінде екі рет жасауы терроризм актісін бірнеше рет жасағандығын көздейді.

Бір жағдайда аяқталған терроризм актісі, басқа жағдайда -терроризм актісіне оқталған кезде, не бір қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде кінәлі адам орындаушы, ал басқаларын жасаған кезде – ұйымдастырушы, арандатушы немесе дем беруші болса, кінәлі адамның іс-қимылдары «Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысының түсіндірмелері ескеріле отырып саралануы тиіс.

11. «Қаруды не қару ретінде қолданылатын заттарды, жарғыш заттарды немесе жарылғыш құрылғыларды қолданып жасау» сияқты қылмысты саралау белгісінің болуы (жоқтығы) туралы мәселені шешу кезінде «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы № 339-І Заңы 1-бабының 5) тармақшасына сәйкес конструкциялық жағынан алғанда тірі немесе өзге де нысананы зақымдауға, сондай-ақ белгі беруге арналған құрылғылар мен заттар – қару болып табылатынын ескерген жөн.

Адамның адам өлтіруі, денсаулыққа зиян келтіруі немесе халықты үрейлендіруі үшін қолданатын кез келген заттар қару ретінде пайдаланылатын заттар деп танылуы мүмкін.

Заттар қару ретінде пайдаланылатын деп танылған кезде соттарға «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 8 нормативтік қаулысының 21-тармағының мазмұнын ескеру қажет.

Жарылғыш заттар – бұл жарылу реакцияларына қабілетті химиялық заттар және олардың қоспалары. Жарылғыш заттар деп жарылу реакцияларына қабілетті оқ-дәрі, тротил, нитроглицерин, пироксилин, аммонал және басқа химиялық заттар мен олардың қоспаларын түсінген жөн. Конструкциялық жағынан жарылыс жасауға арналған заттарды жарғыш құрылғылар деп тану қажет. Бұл ретте қару, жарылғыш заттар немесе жарғыш құрылғылар зауытта, сонымен қатар қолдан жасалуы мүмкін.

Егер террористік акт жасау процесінде заңсыз сатып алынған, сақталған не жасалған атыс қаруы, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар немесе жарғыш құрылғылар қолданылған болса, онда адамның іс-қимылдары ҚК-нің 255, 287, 288-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша саралануға тиіс.

12. ҚК-нің 255-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағында көзделген қылмыстың қоғамдық қауіптілігі терроризм актісін, жаппай қырып-жою қаруын, радиоактивтік материалдарды қолданып және жаппай улау немесе улаумен қорқыту, эпидемиялар немесе эпизоотиялар тарату арқылы, сол сияқты адамдардың жаппай қырылып-жойылуына алып келетін, адамдарды жаппай қырып-жою, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету объектілерін қирату, өсімдіктер немесе жануарлар дүниесіне ауру жұқтыру немесе жою қатерін төндіретін, сондай-ақ қоғам мен қоршаған табиғи орта үшін зиянды өзге де зардаптарға алып келуі мүмкін іс-қимылдарды жасау болып саналады.

«Экспорттық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 300 Заңының 1-бабының 2) тармақшасына сәйкес жаппай қырып-жою қаруы – химиялық, бактериологиялық (биологиялық), радиологиялық, ядролық және улы қару.

13. Жаппай қырып-жою қаруының түрлерін айқындаған кезде 1999 жылғы 24 маусымдағы № 398 Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған (Париж қаласы, 1993 жылғы 13 қаңтар) Химиялық қаруды әзірлеуге, өндіруге, жинақтау мен қолдануға тыйым салу және оны жою туралы конвенцияның 2-бабының 1-тармағын ескерген жөн.

«Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 442-V Заңының 1-бабы 24) тармақшасына, сонымен қатар Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 14 мамырдағы № 33-IV Заңымен ратификацияланған Ядролық терроризм актілерімен күрес туралы халықаралық конвенцияның (Нью – Йорк қаласы, 2005 жылғы 14 қыркүйек) 1-бабының 1-бөлігіне сәйкес құрамында радионуклидтер бар,

өздігінен ыдырайтын және өздерінің радиологиялық қасиеттеріне немесе өзінің бөліну қасиеттеріне байланысты өлімге, ауыр зақымға не меншікке немесе қоршаған ортаға елеулі түрде залал келтіруі мүмкін ядролық материал және басқа радиоактивті заттар (кез келген агрегаттық жағдайдағы шығу тегі табиғи немесе техногендік кез келген материалдар) радиоактивті материалдар болып табылады.

Егер терроризм актісін жасау кезінде заңсыз сатып алынған не сақталатын радиоактивтік заттар пайдаланылған болса, онда адамның іс-қимылдары ҚК-нің 255 және 283-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша саралануға тиіс.

14. «Эпидемия» және «эпизоотия» деген ұғымдар «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 1-бабында, сонымен қатар «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-ІІ Заңының 1-бабында тиісінше айқындалған.

ҚК-нің 255-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағында көрсетілген өзге де іс-қимылдар деп адамдардың жаппай қырылуына алып келуі мүмкін іс-қимылдарды түсінген жөн.

15. Егер терроризм актісі адамның (не екі және одан көп адамдардың) абайсызда қазаға ұшырауына алып келсе, онда мұндай іс-қимылдар ҚК-нің 255-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен қамтылады және ҚК-нің 99, 104-баптары бойынша қосымша саралауға жатпайды.

Адамды (не екі және одан көп адамдарды) қасақана қазаға ұшырату ҚК-нің 255-бабының төртінші бөлігі бойынша саралануға тиіс.

Терроризм актісінің арнайы мақсатын көздемейтін жарылыс жасауды, өрт қоюды немесе жалпыға бірдей қауіпті басқа тәсілдермен адам өміріне қол сұғуды терроризм ретінде емес, яғни ҚК-нің 99-бабы екінші бөлігінің б) тармағы бойынша көп адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған белгілі бір адамды өлтіру деп саралау қажеттігін соттар ескерулері қажет.

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, сонымен қатар сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыратын адамның өміріне аталған тәсілдермен қол сұғылған, бірақ терроризмге тән арнайы мақсаты болмаған кезде кінәлі адамның іс-қимылдары ҚК-нің 380-1, 408-баптары бойынша саралануға жатады.

16. Конституцияның 20-бабының 3-тармағына сәйкес Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңның 1-бабы 5) тармақшасына сәйкес терроризм – бұл зорлық-зомбылық идеологиясы және халықты

үрейлендірумен байланысты және жеке адамға, қоғамға және мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық іс-қимылдар жасау не жасаумен қорқыту арқылы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына ықпал ету практикасы.

Адамның (адамдардың) бойында террористік әрекеттер жасауға не мұндай әрекетті жүзеге асыру қажеттілігін негіздеуге немесе ақтауға ұмтылыс тудыру мақсатында, оның (олардың) санасы мен ерік-жігеріне әсер ету арқылы зорлық-зомбылық идеологиясы мен терроризм практикасын қамтитын материалдарды немесе ақпаратты кез келген тәсілмен таратуды терроризмді насихаттау деп түсінген жөн.

Терроризмді насихаттау зорлық-зомбылық идеологиясы мен терроризм практикасын тарату әрекеттерін жасаған кезден бастап аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрайды. Терроризмді насихаттағаны үшін адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін тарату тәсілі маңызды емес. Насихаттау ауызша сөздер не жазбаша немесе баспа материалдарын тарату арқылы, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдаланумен жүзеге асырылуы мүмкін.

17. ҚК-нің 3-бабы 39) тармағында көрсетілген экстремистік қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық басталады.

Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңның 1-бабының 1) тармақшасына сәйкес экстремизм – бұл жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдар атынан әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы; жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің:

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуға, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруге, билікті күшпен басып алуға немесе билікті күшпен ұстап тұруға, заңсыз әскерилендірілген құралым құруға, оған басшылық жасауға және қатысуға, қарулы бүлік ұйымдастыруға және оған қатысуға, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруға (саяси экстремизм);

нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруға (ұлттық экстремизм);

діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруға, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне,

денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануға (діни экстремизмге) бағытталған әрекеттерді ұйымдастыруы және (немесе) жасауы екендігін соттардың назарға алғаны жөн.

18. ҚК-нің 256-бабының бірінші бөлігіндегі терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру деп кез келген нысандағы (ауызша, жазбаша) үндеулерді түсінген жөн.

Шақырулар жария сипатта болуға тиіс. Басқа азаматтарды осы актіні жүзеге асыруға түрткі болғаны-болмағанына қарамастан, ең болмағанда бір үндеуді ашық жариялаған (таратқан) сәттен бастап терроризм актісін жасауға жария түрде шақыруларды аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық деп есептеу қажет.

Терроризм актісін жасауға шақырулардың жариялылығы туралы мәселені соттар орнын, тәсілін, істің жағдайы мен басқа да мән-жайларын, мысалы, адамдар тобына қоғамдық орындарда, жиналыстарда, митингілерде, демонстрацияларда үндеу жолдау, парақтар тарату, плакаттар ілу, электрондық хабарламаларды жаппай жөнелту жолымен үндеулерді таратуды ескере отырып шешуге тиіс.

Егер терроризм актісін жүзеге асыруға жария шақырулар бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін (мерзімді баспасөз басылымдарын, теле-радиоарнаны, интернет-ресурстарды және басқа құралдарды) пайдалану арқылы жасалса, онда жасалған іс-әрекетті ҚК-нің 256-бабының екінші бөлігі бойынша саралаған жөн.

Терроризм актісін жүзеге асыруға мобильді байланыс абоненттеріне электрондық немесе ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді пайдалану арқылы хабарламаларды жаппай жөнелту жолымен жария шақырулар кезінде жалпы пайдаланымдағы көрсетілген желілерде (мысалы, сайттарда, форумдарда немесе блогтарда) үндеулерді орналастырған, басқа адамдарға хабарламаларды жіберген сәттен бастап қылмысты аяқталған деп есептеу керек.

Терроризмді насихаттауға немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақырулар үшін бұқаралық ақпарат құралдарын және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін пайдалану мәселесін шешу кезінде «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451-І, «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Қазақстан Республикасы Заңдарының нормаларын ескеру қажет.

19. Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңның 1-бабының 14-1) тармақшасына сәйкес террористік материалдар – терроризм актісін жасау тәсілдері мен құралдары туралы ақпаратты, сондай-ақ террористік іс-әрекет белгілерін және (немесе) оны жүзеге асыруға шақыруларды

қамтитын не осындай іс-әрекетті жүзеге асыру қажеттілігін негіздейтін немесе ақтайтын кез келген ақпараттық материалдар.

Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңның 1-бабының 7) тармақшасына сәйкес экстремистік әрекеттерді жасауға шақыратын не оларды жасау қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын кез келген ақпараттық материалдар экстремистік материалдар болып табылады.

Террористік әрекетті жүзеге асыруға түрткі болу мақсатында басқа адамға (адамдарға) осындай материалдарды кез келген тәсілмен беруге бағытталған іс-әрекеттерді жасауды терроризмді насихаттайтын материалдарды тарату деп түсінген жөн.

Террористік материалдарға құбылыстың мәнін түсіндіретін жалпы сипаттағы және оларда терроризмді насихаттау және (немесе) терроризм актісін жасауға шақыру белгілері жоқ мәліметтерді қамтитын ақпарат жатпайтындығын соттардың назарға алғандары жөн.

20. Терроризмге және экстремизмге байланысты істерді сотқа дейін тергеп-тексеру және соттардың қарауы кезінде арнайы білімдер пайдаланылуы мүмкін екендігі түсіндірілсін. Қажет болған жағдайда материалдардың террористікке және (немесе) экстремистікке жататынын, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушы субъектілердің, әсіресе ақыл-есі кем кәмелетке толмағандардың психикалық даму деңгейін және таралатын материалдардың мәнін террористік және (немесе) экстремистік ретінде түсіну қабілетін анықтау үшін тиісті сараптамалар тағайындалып, жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте қылмыстық-процестік заңнаманы, сондай-ақ «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы № 16 нормативтік қаулысының түсіндірмелерін басшылыққа алу қажет.

21. ҚК-нің 3-бабының 31) тармағына (ҚК-нің 3-бабы 40) тармағына), Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңның 1-бабының 15) тармақшасына (Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңның 1-бабының 8) тармақшасына) сәйкес террористік (экстремистік) топ (бұдан әрі – топ) бір немесе бірнеше террористік (экстремистік) қылмыстар жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ болып табылады.

Террористік (ҚК-нің 257-бабының бірінші бөлігі), экстремистік (ҚК-нің 182-бабының бірінші бөлігі) топтарды құру топ іс жүзінде құрылған сәттен бастап, яғни бірнеше адам бір топқа біріккен сәттен бастап аяқталған қылмыс деп есептеледі.

Топтың әрекетін қамтамасыз ету мақсатында топқа, сондай-ақ оның жекелеген қатысушыларына қатысты басқару функцияларын жүзеге асыру топты басқару болып табылады.

Топты басқару, атап айтқанда, террористік және (немесе) экстремистік әрекеттің жоспарларын бекітуден, топта қылмыстық міндеттерді бөлуден,



жекелеген террористік және (немесе) экстремистік актілер жасаған кезде топ мүшелерін басқарудан, сондай-ақ белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған өзге де іс-әрекеттер жасаудан (мысалы, материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді ұйымдастырудан, осындай топ мүшелеріне қатысты қауіпсіздік шараларын қабылдаудан) көрініс табуы мүмкін.

ҚК-нің 257-бабының екінші бөлігі бойынша (ҚК-нің 182-бабы екінші бөлігі бойынша) террористік (экстремистік) топқа қатысқаны үшін қылмыстық жауаптылық осы топтың қатысушылары оның заңсыздығы мен өзінің оған жататындығын және террористік (экстремистік) мақсаттарды іске асыру үшін іс-әрекет ететінін түсінген жағдайларда басталады.

Топтың құрамына кіруді (мысалы, ант қабылдау, террористік және (немесе) экстремистік әрекетпен айналысатын ұйымға мүшелік, топ басшысының тапсырмалары мен нұсқауларын орындау) топтың әрекетіне қатысу деп түсінген жөн. Террористік және (немесе) экстремистік әрекетті жүзеге асыруға не террористік және (немесе) экстремистік бағыттағы бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды дайындауға немесе жасауға қатысу ниетімен осындай топтың құрамына кірген сәттен бастап адамның топқа қатысуы нысанындағы қылмыстық құқық бұзушылығы аяқталған деп есептеледі.

Террористік топтың, заңсыз қаруланған құралымның қатысушылары нақты террористік қылмысты жасаған кезде, олардың іс-әрекеттері ҚК-нің 257-бабының екінші бөлігінде, 267-бабының екінші бөлігінде және ҚК-нің тиісті баптарында (мысалы, ҚК-нің 255, 256, 259-баптарында) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша саралануға тиіс.

22. Тергеудің толықтығын қамтамасыз ету үшін қылмыстық процесті жүргізетін орган Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңның 12-1-бабына сәйкес сот террористік деп таныған құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастырылған ұйымдардың және ақпараттық материалдардың бірыңғай тізімдерін пайдалана алатындығы түсіндірілсін.

23. ҚК-нің 258-бабына, сонымен қатар Кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы заңның 1-бабының 12) тармақшасына және Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңның 1-бабының 3) тармақшасына сәйкес жеке тұлғаның не адамдар тобының, не заңды тұлғаның іс-әрекетінің террористік және экстремистік сипатын, не берілген мүліктің, көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызмет түрлерінің террористік немесе экстремистік әрекетті жүзеге асыру, не террористік немесе экстремистік топты, террористік немесе экстремистік ұйымды, заңсыз әскерлендірілген құралымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатынын көрінеу ұғынып жасаған адамның оларға ақшаны және (немесе) өзге

де мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беруі немесе жинауы, сондай-ақ сыйға тартуы, айырбастауы, қайырмалдық жасауы, демеушілік және қайырымдылық көмегі, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсетуі не қаржылық қызметтер көрсетуі терроризм мен экстремизмді қаржыландыру болып табылады.

Материалдық құралдарды, мысалы, киім-кешек, керек-жарақтар нысандарын, байланыс құралдарын, дәрілік препараттарды, тұрғын не тұрғын емес үй-жайларды, көлік құралдарын ұсынуды немесе жинауды да терроризм мен экстремизмді қаржыландыру деп тану қажет.

Қылмыс ақша, өзге мүлік жиналған, берілген (жіберілген) немесе қызметтер көрсетілген сәттен бастап аяқталған деп танылады. Бұл ретте ҚК-нің 258-бабының диспозициясында баяндалғанның мақсатында көрсетілген активтердің нақты пайдаланылуы талап етілмейді.

24. Белгілі бір адамда (адамдар тобында) террористік не экстремистік қылмыс жасау ниетін (тілегін, ұмтылысын) және оған қатысуға дайындығын қалыптастыру бойынша террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыруға бағытталған көрінеу әрекеттерді азғырып көндіру деп есептеу қажет (ҚК-нің 259-бабының бірінші бөлігі). Атап айтқанда, адамдарды іздеу және террористік не экстремистік әрекетке тарту, үгіттеу жұмысын жүргізу, оқытуға даярлау үшін тізімге енгізу және басқалары. Бұл ретте азғырып көндіруші адамның іс-әрекеті белсенді сипатта болуға тиіс және психикалық немесе физикалық ықпал етуді қолданумен жүргізілуі мүмкін.

Азғырып көндіру әртүрлі тәсілдермен, мысалы азғыру, сендіру, өтіну, ұсыныс жасау, қорқыту, үрейлендіру, ұрып-соғу, параға сатып алу, алдау, кек алу, көре алмаушылық қасиеттерін және басқа да опасыз ниеттерді қоздыру, жазаланбайтынына сендіру, терроризм актісін жасағаны үшін ақы төлеуге уәде беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Азғырып көндіруді аталған адам террористік және экстремистік бағыттағы қылмысты жасағаны-жасамағанына қарамастан, көрсетілген іс-әрекеттер жасалған сәттен бастап аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық деп есептеу қажет.

Даярлау террористік не экстремистік әрекетті кез келген нысанда ұйымдастыру мақсатында азғырып көндірілген адамдарды қару-жарақты, оқ-дәріні, жарылғыш құрылғыларды, радиоактивті заттарды, ядролық материалдарды, әскери техниканы, байланыс құралдарын пайдалану қағидаларына, әскери іс-қимылдар жүргізу қағидаларына үйретуден, сондай-ақ тиісті нұсқамалар, жаттығулар, атыстар, оқу-жаттығулар және басқа да әрекеттер жасаудан тұрады.

Террористік не экстремистік әрекетке қатысу үшін адамдарды қарудың кез келген түрімен қамтамасыз ету ҚК-нің 259-бабының бірінші бөлігінде қаруландыру деп түсіндіріледі.

25. Адамның көрсетілген объектілерді басып алуға бағытталған зорлық-зомбылық әрекеттер жасағанын ҚК-нің 269-бабына сәйкес

ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына, өзге де коммуникацияларға шабуыл жасау деп таныған жөн екендігі түсіндірілсін.

ҚК-нің 269-бабының бірінші бөлігіне сай ғимараттарды, құрылыстарды, қатынас және байланыс құралдарын, өзге де коммуникацияларды құқыққа қайшы иеленуді басып алу деп түсіну қажет. Басып алу құпия, сондай-ақ ашық түрде де, күш қолдану арқылы немесе күш қолданбастан жүзеге асырылуы мүмкін.

«Ғимарат» және «құрылыс» ұғымдары «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242-ІІ Заңының 1-бабында анықталғандығын ескерген жөн. Бұдан басқа телекоммуникация құралдары (байланыс құралдары) деп «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі № 567-ІІ Заңының 2-бабының 57) тармақшасына сәйкес электрмагниттік немесе оптикалық сигналдарды қалыптастыруға, таратуға, қабылдауға, сақтауға, өңдеуге, коммутациялауға мүмкіндік беретін техникалық құрылғылар, жабдық, жүйелер және бағдарламалық құралдар немесе оларды басқару түсініледі.

26. ҚК-нің 170, 171, 173, 182, 184, 255, 256, 257, 258, 259, 270-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауда кінәлі деп танылған адамдарға қатысты сот ҚК-нің 48-бабы екінші бөлігінің 1), 2), 3) тармақтарына сәйкес көрсетілген қылмыстарды жасау нәтижесінде алынған ақшаны, құндылықтар мен өзге мүлікті және осы мүліктен алынған кез келген кірісті; мүлік пен осы мүліктен алынған кірістер ішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе айналдырылған ақшаны, құндылықтар мен өзге мүлікті; терроризмді, экстремизмді, ұйымдасқан топты, заңсыз әскерилендірілген құралымды, қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды) қаржыландыруға пайдаланылатын немесе арналған ақшаны, құндылықтар мен өзге мүлікті тәркілеу туралы мәселені шешуі қажет.

ҚК-нің 48-бабы екінші бөлігінің 4) тармағының ережесіне сүйене отырып, сот сотталушыға тиесілі, қылмыстық құқық бұзушылық жасауда пайдаланылған қаруын немесе өзге құралдарын тәркілеу туралы шешім шығаруға тиіс.

Терроризм мен экстремизмді қаржыландырудың жолын кесу мақсатында қажет болған жағдайларда Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 71-тарауында көзделген шараларды қабылдау қажет.

27. Террористік және экстремистік қылмыстардың кейбір түрлерін жасағаны үшін жаза белгілейтін ҚК-нің баптарының санкциялары қосымша жаза ретінде Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды көздейді. Соттар ҚК-нің 50-1-бабының бірінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру мемлекеттің сотталған адаммен орнықты саяси-құқықтық байланысты мәжбүрлі тоқтату деп түсінілетіндігін

назарға алғандары жөн, бұл олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын білдіреді.

Соттар қосымша жазаның аталған түрін тағайындау немесе тағайындамау туралы мәселені талқылау кезінде істің барлық мән-жайларын, террористік және (немесе) экстремистік қылмыстардан болған зардаптарды және кінәлі адамның жеке басы туралы деректерді назарға алуы қажет. Осы бөлікте сот шешімі уәжді болуы тиіс. Он сегіз жасқа дейін қылмыс жасаған адамдарға Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру тағайындалмайтындығын ескеру қажет.

28. ҚК-нің 182, 255, 258, 260, 261-баптарына берілген ескертулерде террористік және (немесе) экстремистік әрекетке қатысуды өз еркімен тоқтатқан адамдарды, егер олардың әрекеттерінде өзге қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босату талаптары көзделеді.

Адамның қылмыстық әрекетті жалғастыру мүмкіндігін біле тұра, оны тоқтатуы қатысуды өз еркімен тоқтату деп саналады, мысалы, экстремистік топтың құрамынан шығу, оның басшыларының өкімдерін орындамау, қылмыстық құқық бұзушылықтарды, сондай-ақ террористік және (немесе) экстремистік топтың әрекеттеріне ықпал ететін өзге іс-әрекеттерді жасаудан бас тарту түрінде көрініс табуы мүмкін.

29. Соттардың терроризм мен экстремизмнің көріністерін жою бойынша алдын алу-профилактикалық жұмысының маңыздылығына назар аударғаны жөн, бұл мақсатта жазадан құтылмаушылықты қамтамасыз етуге бағытталған заңда көзделген пәрменді шараларды қабылдау қажет. Қажет болған жағдайларда, соттар ҚПК-нің 405-бабына сәйкес террористік және (немесе) экстремистік қылмыстарды жасауға әсер еткен себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған шаралар қабылдау үшін жекеше қаулылар шығаруы керек.

30. Конституцияның 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының  
Төрағасы**

**Қ. Мәми**

**Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы,  
жалпы отырыс хатшысы**

**Г. Әлмағамбетова**

**НОРМАТИВНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 11  
ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

8 декабря 2017 года

город Астана

**О некоторых вопросах судебной практики по применению  
законодательства о террористических и экстремистских преступлениях**

На основе результатов обобщения судебной практики, в целях правильного и единообразного применения судами законодательства Республики Казахстан об ответственности за террористические и экстремистские преступления пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан постановляет дать следующие разъяснения.

1. Террористические и экстремистские преступления наносят существенный вред общественной безопасности, подрывают устои государственности, поэтому своевременное и правильное рассмотрение этих категорий дел является одним из важнейших условий обеспечения безопасности государства, защиты прав, свобод и законных интересов граждан и организаций, исполнения Конституции Республики Казахстан (далее – Конституция), законов и иных нормативных правовых актов, а также международных договоров Республики Казахстан.

2. При рассмотрении дел о террористических и экстремистских преступлениях судам следует руководствоваться нормами Конституции, Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК), законов Республики Казахстан от 13 июля 1999 года № 416 «О противодействии терроризму» (далее – Закон о противодействии терроризму), от 28 августа 2009 года № 191-IV «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных незаконным путем, и финансированию терроризма» (далее – Закон о противодействии легализации (отмыванию) доходов), от 18 февраля 2005 года № 31 «О противодействии экстремизму» (далее – Закон о противодействии экстремизму), иных нормативных правовых актов Республики Казахстан, а также международных договоров по вопросам борьбы с терроризмом и экстремизмом, ратифицированных Республикой Казахстан.

3. Согласно статьи 255 УК и подпункту б) статьи 1 Закона о противодействии терроризму актом терроризма является совершение или угроза совершения взрыва, поджога или иных действий, создающих опасность гибели людей, причинения значительного имущественного ущерба либо наступления иных общественно опасных последствий, если эти действия совершены в целях нарушения общественной безопасности, устрашения населения, оказания воздействия на принятие решений государственными органами Республики Казахстан, иностранным

государством или международной организацией, провокации войны либо осложнения международных отношений, а также посягательство на жизнь человека, совершенное в тех же целях, а равно посягательство на жизнь государственного или общественного деятеля, совершенное в целях прекращения его государственной или иной политической деятельности либо из мести за такую деятельность, либо посягательство на жизнь человека, сопряженное с нападением на лиц и организации, пользующихся международной защитой, здания, сооружения, захватом заложника, зданий, сооружений, средств сообщения и связи, угоном, а равно с захватом воздушного или водного судна, железнодорожного подвижного состава либо иного общественного транспорта.

4. Перечень террористических и экстремистских преступлений изложен в пунктах 30), 39) статьи 3 УК.

Необходимо иметь в виду, что деяния, предусмотренные статьями 184 (диверсия), 258 (финансирование террористической или экстремистской деятельности и иное пособничество терроризму либо экстремизму), 259 (вербовка или подготовка либо вооружение лиц в целях организации террористической либо экстремистской деятельности), 260 (прохождение террористической или экстремистской подготовки) УК, отнесены и к экстремистским, и к террористическим преступлениям.

5. Субъектом террористических и экстремистских преступлений, предусмотренных статьями 173, 174, 177, 178, 184, 255, 256, 257 (частями первой и второй), 258, 261, 269 УК, может являться лицо, достигшее четырнадцатилетнего возраста ко времени совершения преступления.

За совершение других видов преступлений террористической и экстремистской направленности уголовная ответственность наступает с шестнадцатилетнего возраста.

Согласно части третьей статьи 15 УК несовершеннолетний не подлежит уголовной ответственности, если вследствие отставания в психическом развитии, не связанном с психическим расстройством, во время совершения уголовного правонарушения не мог в полной мере осознавать фактический характер и общественную опасность своих действий (бездействия) либо руководить ими.

6. Субъективная сторона акта терроризма характеризуется прямым умыслом и специальной целью.

Специальными целями акта терроризма (далее – специальные цели) являются: нарушение общественной безопасности; устрашение населения; оказание воздействия на принятие государственными органами Республики Казахстан, иностранными государствами и международными организациями решений либо с целью прекращения деятельности государственных либо общественных деятелей или из мести за такую деятельность; провокация войны; осложнение международных отношений.

При рассмотрении дел об актах терроризма необходимо всегда выяснять наличие у субъекта специальной цели как составной части субъективной стороны преступления. При этом для признания деяния актом терроризма достаточно наличия у виновного одной из перечисленных специальных целей.

Если ни одна из целей совершения деяний не установлена, виновные несут ответственность по другим соответствующим статьям УК.

7. Под общественной безопасностью как объектом терроризма в соответствии с подпунктом 1) статьи 4 Закона Республики Казахстан от 6 января 2012 года № 527-IV «О национальной безопасности Республики Казахстан» понимается состояние защищенности жизни, здоровья и благополучия граждан, духовно-нравственных ценностей казахстанского общества и системы социального обеспечения от реальных и потенциальных угроз, при котором обеспечивается целостность общества и его стабильность.

Устрашающими население должны признаваться такие действия, которые по своему характеру способны вызвать страх у людей за свою жизнь и здоровье, безопасность близких, сохранность имущества и другое.

